

# І ТУЫ

ІН, ЕНБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ АЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

ноябрь Сәрсенбі Шығуына 33 жыл жеке саны 20 тыйын

## Ауыл шаруашылығының социалистік системасы ғылымға кең өріс ашады, ғылым табыстары мен алдыңғы қатарлы тәжірибені тез таратуға, оларды барлық колхоздардың, МТС-тердің және совхоздардың игілігіне айналдыруға мүмкіндік береді.

Г. М. МАЛЕНКОВ.

### алар ЫН

ш кеңінен өрісте үшін барлық шат. Қар тоқтату дағы егіс алаңда- Өйткені, бұл алаң үстіне қар тоқта- зға ұрынып, үсің  
рын кеңінен өріс- дарға қалқандар, дар соғумен бірге, ыртуды да ұйым мыста колхоздарға көрсетуге тиіс. механиктері қар зөметесуді екінші арамай, бұл агро- ойдағыдай жүзе- ыз ету үшін МТС қтылы көмек көр- и отыруы керек. йтқыштарды әзір- м. Жергілікті тың- шылықта жеткі- зінде жыйнауды ет. Көнді, құс са- басқа тыңайтқыш рды дұрыс сақтау- тын болсын. колхоздар мен сов- йтқыштарды мал

### Жаңа бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау жолындағы жағрыс

## Жаңа бесжылдықтың жүгін тасып жүрміз

ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспарында темір жол транспортының жүк айналымы 35—40 процент арттырылсын делінген. Бұл орасан көп жүк. Таңдаулы бір паровозны айына 25 миллион тоннадан артық жүк тасыйтынын еске алсақ, темір жол транспортымен халық шаруашылығына қажет қаншама көп жүк тасылатынын шамалауға болады.

Халық шаруашылығына қажет жүктің басым көпшілігі темір жолмен тасылатыны мәлім. Сондықтан да әрбір темір жол бөлімінің жұмыс көрсеткіші жүк тасудың жоспарын артығымен орындағандығымен белгіленеді.

Темір жол транспортындағы ең негізгі күрделі машина— паровоз. Сондықтан да паровозды күту, баптау жұмысына ерекше назар аударылады. Ол үнемі сапарға шығуға дайын, жалтырап сұртілген болуға тиіс.

Біз Петропавл темір жол бойында көптен бері ауыр жүк тиелген составтарды тасып, локомотивтерде жұмыс істеп келеміз. Үстіміздегі жылдың 11 айының жүк тасу жоспарын артығымен орындап, ай сайын ондаған тонна отын үнемдеп, мем-

ге болмайды деп айтпаймыз. Совет Одағы Коммунистік партиясының XIX съезінің қарарлары, көсеміміз Сталин жолдастың данышпандық еңбегі мен съездің қорытынды мәжілісінде сөйлеген тарихи сөзі бізді көп ойландырып, дүние жүзіндегі прогресшіл адам баласының үміті, болашағы болып отырған Отанымыз жөніндегі, барлық елдердегі коммунистік және жұмысшы партияларының үлгісі, ұстазы, адамзаттың ар-ұяты болып отырған Ленин—Сталин партиясы жөніндегі мақтанышымызды күшейте түсті. Ол мақтаншыл сезім біздің жігерімізге жігер қосып, жұмысымызға жаңа қарқын тудырды.

Коммунистік қоғам құру— біздің халқымыздың ұлы мақсаттары. Бұл мақсаттарды жүзеге асыру жұмысына адал еңбекпен белсене қатысуды әрбір совет адамы өзінің өлшеусіз бақыты деп есептейді. Сондықтан біз келешекте паровоздың күтімін жақсартып, оның орта төуліктік жүріс жылдамдығын арттырумен бірге, халық шаруашылығына қажет жүктерді тиісті жерлеріне уақытында жеткізіп тұратын боламыз.

Біз сталиндік бесінші бесжылдықтың тиімді тасып жүрміз. Бұл бізге өзіміз білі

## Малды қолда бағуды үлгілі ұйымдастыру—басты міндет

(Тілші хаттарына шолу)

Бесінші бесжылдық жоспар ішінде ауыл шаруашылығын өркендетудегі басты міндеттерінің бірі—қоғамдық мал басын өсіріп, оның өнімділігін арттыру міндетін ойдағыдай жүзеге асыру малды қолда бағып күтуді батыл жақсартуға, мал қыстатуды барлық жағынан үлгілі өткізуге байланысты. Сондықтан әрбір колхоз бен совхоз малды құнарлы жемшөппен, жылы қоралармен мол қамтамасыз етіп, малды қыстан әрі күйлі, әрі шығынсыз алып шығуға тиіс.

Редакцияға жер-жерден түсіп жатқан тілші хаттарына қарағанда, облысымыздың бірқатар алдыңғы қатарлы колхоздары қыстың алғашқы күндерінен бастап, малды қолда бағуды үлгілі ұйымдастырып жатыр.

Преснов ауданындағы «Баян» колхозынан тілші Ж. Байқонақов жолдас былай деп жазады:

—Көмеңгер көсеміміз Сталин жолдасқа жазған хатта алған міндеттемелерді аброймен жүзеге асыру жолында қажырлы күрес жүргізудің нәтижесінде колхозшылар қоғамдық мал басын өсіріп, оның өнімділігін арттыруда бірқатар табыстарға жетті. Мал басы, әсресе, төл есебінен мықтап көбейді. Партияның XIX съезінің қарарларында көрсетілгендей, мал шаруашылығын оған әрі өркендете беру үшін колхозшы-

жанына шөп тасуда және малды бағып күтуде стахановтық еңбектің үлгісін көрсетіп жүр.

Тілші Қ. Темірболатов «Еңбек» колхозында (Ленин ауданы) мал қыстатудың алғашқы күннен үлгілі ұйымдастырылғандығы, жемшөптің жеткілікті дайындалып, қыстаулар жанына тасылып алынғаны және А. Рахметов сияқты колхозшылардың қарамағындағы малды шығынсыз өсіріп жүргені туралы жазады.

Колхозшылардың мал қыстатудағы жан кыярлық еңбегі жөнінде Октябрь ауданынан да редакцияға көптеген хаттар түсуде.

—Жамбыл атындағы колхоздың мал өсірушілері,—деп жазады осы ауданнан тілші Б. Нұрмағамбетов,—малды қысқа жоғары күймен әкелді. Кәзір озат мал өсірушілер малдың қысқы күтімін тынғылықты ұйымдастырып, оның өнімділігін арттыру жолында табысты еңбек етуде.

—С. Шонайбаев—колхоздың таңдаулы жылқышысы,—деп жазады ол онан әрі,—мал жылқы өсіруде быйыл жоғары көрсеткішке ие болды. Үздік жылқышы 50 биеден 50 құлын алып, шығынсыз өсірді. Бұл күндері ол жылқының қысқы күтімін ойдағыдай ұйымдастырып, қол жеткен табысын баянды етіп келеді.

Тілші А. Сүрағанов жолдас Октябрь ау-

мыстар әлі шын мәнінде басталған жоқ. Сол сыяқты, облыстың Октябрь, Совет, Булаев аудандарының колхоздарында да жағдай дәл осындай.

Жердің қысқы ылғалын сақтау жұмыстары баяулыққа төзбейді. Колхоз басқармалары, совхоз дирекциялары, аудандық ауылшаруашылық бөлімінің басшылары мен мамандары әрбір колхоз, совхозда бұл

листік жарысын бастап білу, оларды қысқы агротехникалық шараларды мүлтіксіз жүзеге асыру күресіне жұмылдыра білу.

Әрбір колхоз, совхозда қысқы агротехникалық шаралар кезінде мүлтіксіз жүзеге асырылуға тиіс. Бұл барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыра түсуге көмектеседі.

## В. И. Лениннің „Жастар одағының міндеттері“ деген еңбегі ұйғыр тілінде басылып шықты

Қазақ Мемлекеттік баспасы В. И. Лениннің комсомолдың үшінші съезінде сөйлеген «Жастар одағының міндетте-

рі» деген сөзін көп тиражбен ұйғыр тілінде басып шығарды.

(ҚазТАГ).

## Экономикалық лекторий

ҚЫЗЫЛОРДА. (ҚазТАГ). Кеше облыстық экономикалық лекторийде 100-ден астам инженерлер, техниктер, жоспарлаушылар мен тағы басқа мамандар жыйналды. Лектор-саяси және ғылыми білімдер тарату жөніндегі қоғамның толық мүшесі Авербух И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық еңбегі тақырыбында лекция оқыды.

Лекторий кадрлардың экономика жөніндегі білімдерін көтеруге зор көмек көрсетеді. Лекторийде кәсіпорындардың шаруашылық есебін нығайту жолдары, кәсіпорнының негізгі қаржыларын тиімді пайдаланудың жолдары деген тағы басқа тақырыптарда лекциялар оқылды. Лекторийдің жоспарында әртүрлі экономикалық тақырыптарға арналған лекциялар бар.

## Шабындықтарды тыңайту

Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым академиясы Қазақ филиалының өсімдік секциясы жемшөп және жайылым институты су және орман шаруашылығының шабындықтарын тыңайту жөніндегі агротехникалық шаралардың жаңа комплексін талқылады.

Агротехникалық шаралардың жаңа комплексі шабындықтардың—бидайықты, шөпті-жусанды, жусанды, батпақты тағы басқа типті шабындықтардың ерекшеліктері ескеріліп жасалған. Комплекске шабындықтардағы тастарды, төмпешіктерді, бұталарды механизмдермен тазарту, тегістеу, арам шөптерді жою сыяқты шаралар енгізілген. Республика үшін жаңалық болып табылатын шаралардың ішінде жайылып суарылатын бидайықты шалғындарды дискалау жолымен, пішен шабыл-

ғаннан кейін шабындықты минералдық және органикалық тыңайтқыштармен үстеп коректендіру жолымен, үстемелеп тұқым себу жолымен, қар тоқтату, сортаң жерлерді шаю, батпақ басқан шабындықтарды құрғату, сонан кейін терең етіп жыртып, бағалы мал азықтық шөптерді тағы басқаларды үстемелеп себу шаралары бар.

Ғалымдар шабындықтарды жақсарту жөніндегі агротехникалық шаралардың жаңа комплексін қолдану екінші жылдың өзінде-ақ шабындықтың өнімділігін екі есе арттыратындығын есептеп шығарды. Мұны Шалқар және Кеңбидайық совхоздарының, Ақмола облысы, Ақмола ауданындағы «Красный флаг» колхозының бийлығы шабындықтарды тыңайту тәжірибесі дәлелдеді.

(ҚазТАГ).

тың тарихи сөзімен рухтанып, еңбек өнімділігін арттыра түсуде. Балташылар

өткен айдағыдан 25—30 процент арттырды.

озып шығу. Бұл латындығы сөзсіз



## Сталиндік Конституция күніне әзірлік

Бүкіл совет халқы сыяқты облысымыздың еңбекшілері де 5 декабрь—Сталиндік Конституция Күніне қызу әзірленуде. Кәзір мәдени-ағарту мекемелерінде, мектептер мен оқу орындарында Сталиндік Конституция күніне арналған әдебиет, көркемөнерпаздар кештерін өткізуге, қабырға газеттерін шығаруға дайындық жүріп жатыр.

Қаладағы Пионерлер үйінің коллективі бұл мерекелі күнді қызу әзірлікпен қарсы алғалы отыр. Мұнда Сталиндік алтын заң—Конституция Күніне арналып қабырға газеті шығарылады және «5 декабрь—Сталиндік Конституция күні», «Барлығы—сүйікті Отаным, сенің үшін» деген тақырыптарда фотомонтаж ұйымдастырылады.


Пионерлер үйінің коллективі 5 декабрь күні құрметіне кітап көрмесін дайындауда, көркемөнер және әдебиет кештерін, әңгімелер өткізуге әзірленуде.

## Колхозда шығатын түсті газет

Колхоз комсомолдерінің инициативасы бойынша Совет ауданындағы Каганович атындағы колхозда киноаппаратымен көрсетілетін түсті газет шығарыла бастады. Оны түсті газет редакциясының материалдары бойынша Безлесная жетіжылдық мектебінің оқытушылары шығарады.

Кино механигі Қалцев жолдас газетті кинофильм көрсетер алдынан көрсетіп отырады. Газетке колхоздың алдыңғы қатарлылары, еңбекке белсене қатыспаушылар жөнінде әңгіме болады. Бұл газеттің бір номерінде мал фермасының тандаушылары Е. Батурын, А. Лисовик, В. Баштынина, мектептің үздік оқушылары Валя Лехель, Нина Назимова, Фомин туралы жазылды.

Түсті газет зрительдер арасында зор беделге ие болып отыр.



Петропавлдың механикалық техникумының мастерскойы жүргізу үшін жаңа станоктар орнатылған.

СУРЕТТЕ: техникумның екінші курсының студенттері Л. Радомская, В. Блинова, Л. Клименко, Н. Досаева және тістерін кесетін жаңа станоктың құрылысымен танысып тұр. Суретті түсі

## Үлгілі киномеханик

Мамлют асыл тұқымды мал совхозының киномеханигі Георгий Липатов жолдас өз міндетін асқан жауапкершілікпен атқарады.

Кино картиналар көрсетілетін совхоз клубында әрқашан да толық тәртіп болады. Липатов жолдас кінәсінен кино сеанстардың көрсетілмей қалып көргені жоқ. Соның нәтижесінде ол совет жұмысшылары мен қызметшілері арасында зор беделге ие болып келеді.

Комсомолец Т. Липатов өз жұмысын

тыңғылықты атқарып, мысшыларына тәртіп беріп жүр.

Сонымен бірге, Липатов жолдас өзінің жұмыстарына зор жауапкершілікпен қатысып отыр.

Еліміздің барлық киномеханиктері Липатов жолдас тәжірибесі мен қызығушылығын үлгі етіп, өз жұмыстарында оған ұқсас нәтижелерді қолдану үшін белсене күресіп отыр.

# УНИЗМНІҢ ПРОГРАММАЛЫҚ ШЫҒАРМАСЫ

ыяқты, адамдардың  
п жататын экономи-  
інің заңдылығын бей-  
зандар болып табы-

ің еңбегінде эконо-  
рекшеліктерін, олар-  
зандарынан өзгеше-  
экономианың ерек-  
ада: оның заңдары,  
рынан өзгеше, ұзақ  
экономианың заңда-  
олардың көпшілігі,  
рдің ішінде қолда-  
олар күшін жойып,  
ы, шыққанда адам-  
май, жаңа эконо-  
егізінде туатын жа-  
ту үшін шығады.  
ардың, жаратылыс  
ша, тағы бір өзге-  
а заңның ашылуы  
көпті жатық бо-  
калық салада ко-  
інің мүдделеріне  
шылуы мен қолда-  
дің тарапынан өте  
еседі». (8-бет).

т үйретеді Сталин  
зандардың пайда-  
және қай жерде  
ы болады, ал мұн-  
рды қоғам мүдде-  
ын көтеруші озат  
л өшіп бара жат-  
ылық көрсетіп оты-  
ды және алатын  
ерек.

дениет дәрежесінің үздіксіз өсуіне бастай-  
ды.

III  
«ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген классиктік еңбегінде Сталин жолдас маркстік экономикалық ой-пікірде алғашқы рет социализм тұсындағы қоғамдық өндірістің және материалдық игілікті бөлудің заңдарын белгілеп, ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеді.

Ірі социалистік өндіріс жоспарлы түрде ұйымдастырылған қоғамдық өндіріс болып табылады. Социализм тұсындағы қоғамдық өндірістің объективтік заңы халық шаруашылығын жоспарлы түрде (пропорциялықпен) өркендету заңы болып табылады, бұл заң капитализм тұсындағы өндіріс бәсекесі мен анархиясының заңына қарама-қарсы туған.

Қоғамдық өндіріс өндірістің құралдары мен қаруларына жеке меншікке негізделген капитализм тұсында экономиканың дамуы біркелкі болмай, стихиялықпен жүргізіледі.

Сталин жолдас былай деп үйретеді: елімізде халық шаруашылығын жоспарлы түрде дамытудың заңы өндірістің бәсекелік және анархиялық заңы күшінен айрылғаннан кейін өндіріс құралдарын қоғамдастыру негізінен туды. Ол халық шаруашылығын жоспарлы түрде дамыту заңының негізінде ғана социалистік халық шаруашылығын жүргізуге болатындықтан іске қосылды.

ССРО халық шаруашылығын жоспарлы түрде (пропорциялықпен) дамытудың объективтік экономикалық заңы, деп үйретеді Сталин жолдас, біздің мемлекеттік органдарымыздың қоғамдық өндірісті дұрыс жоспарлауына мүмкіншілік береді. Бірақ, мүмкіншілікті шындықпен шатысты-

ларды орындау мақсаттарына пайдалану жөнінде мемлекеттің өкілдері болып шығады. Тек сыртқы сауда саласында ғана біздің өндіріс құралдарымыз шын мәнісінде товар болады.

Елімізде сақталып отырған товарлы өндіріс капитализмге бастамайды және бастай алмайды да. Товарлы өндірісті капиталистік өндіріспен теңдестіруге болмайды, деп үйретеді Сталин жолдас. Егер өндіріс құралдарына жеке меншік болса, егер жұмысшы күші товар ретінде рынокке түсіп, оны капиталистің сатып алуына, сөйтіп, өндіріс процесінде қанауына болатын болса, яғни елде жалдамалы жұмысшыларды қанау системасы бар болса, тек сонда ғана товарлы өндіріс капитализмге бастайды. Бұл жағдайлар біздің елімізде әлдеқашан құрыған. Товарлы өндіріс белгілі дәуірдің ішінде социалистік қоғамға қызмет ете алады, еткенде капитализмге апарып соқпайды, өйткені бізде товарлы өндіріс, капиталистік жағдайдағыдай, шексіз және барлығын да қамтыйтын кең өріс алып отырған жоқ. Ол бізде өндіріс құралдарына қоғамдық меншік орнату, жалдамалы еңбек системасын, қанау системасын жою сыяқты шешуші экономикалық жағдайлардың арқасында қатаң шеңберге салынған.

Товар айналысы өзінің «ақша шаруашылығымен» бірге, халық шаруашылығының керексіз элементі ретінде жоғалады, дейді Сталин жолдас. Бірақ әзірше негізгі екі өндірістік сектор қалады, товарлы өндіріс пен товар айналысы біздің халық шаруашылығымыздың системасындағы қажетті және аса пайдалы элемент ретінде күшінде қалуға тиіс.

Сталин жолдас өзінің бұл еңбегінде социализм тұсындағы құн заңының мазмұ-

тым болмағанда мынадай негізгі үш алғышарттарды жүзеге асыру қажет.

«1. Біріншіден, өндіргіш күштердің ертегілік «рационалды түрде ұйымдастырылуын» емес, бүкіл қоғамдық өндірістің үздіксіз өсуін, көбінесе өндіріс құрал-жабдықтар өндірудің өсуін баянды түрде қамтамасыз ету қажет. Көбінесе өндіріс құрал-жабдықтарын өндіруді өсірудің қажет болатын себебі — мұның өзі өз кәсіпорындарын да, халық шаруашылығының барлық басқа тарауларындағы кәсіпорындарды да жабдықпен қамтамасыз етуге тиіс екендігінен ғана емес, сонымен қатар онысыз тегінде ұлғаймалы ұдайы өндірісті жүзеге асыру мүмкін емес екендігінен де.

2. Екіншіден, колхоздар үшін, демек, бүкіл қоғам үшін тиімді түрде жүзеге асырылатын бірте-бірте ету жолымен колхоздық меншікті жалпыхалықтық меншіктің дәрежесіне жеткізу қажет, ал, товар айналысын да бірте-бірте ету жолымен өнім айырбасы системасына ауыстыру қажет, сөйтіп, орталық өкмет немесе басқа бір қоғамдық-экономикалық орталық қоғамның мүддесі үшін қоғамдық өндірістің бүкіл өнімін қамтыйтын болуы қажет». (68—69-беттер).

Сталин жолдас колхоз меншігін жалпыхалықтық меншіктің дәрежесіне көтеру шаралары туралы мәселені ғылыми тұрғыдан терең талдап, мемлекеттік өнеркәсіп пен колхоздардың арасында тікелей өнім айырбасына көшудің жолын ашты, сөйтіп, көзіргі уақытта қолданылып отырған мақтаға, зығырға, қызылшаға және колхоздардың басқа өнімдеріне товар беру системасы өнім айырбасының кең системасына айналып өріс алатынын көрсетті.

«3. Үшіншіден, қоғамның мәдени өсуін мынадай дәрежеге жеткізу қажет: бұл мәдени өсу қоғамның барлық мүшелерінің дене және ой қаблеттерінің әртарапты дамуын қамтамасыз етуі керек, сөйтіп, қоғам мүшелері қоғамдық дамудың белсенді қайраткерлері болатындығын жет-

демократия елдері бөлініп шыққаннан кейін күшейді, капитализмнің дүниежүзілік системасының жалпы кризисі экономикаында, сол сыяқты саясатты да қамтыйтын оның негізі, бір жағынан, капитализмнің дүниежүзілік экономикалық системасының іріп-шіруі барған сайын күшейіп отырғандығы, ал екінші жағынан капитализмнің бөлініп шыққан елдердің—ССРО-ның, Қытайдың және басқа халықтық демократия елдерінің экономикалық қуатының өсіп отырғандығы болып отыр.

«Бірінші дүниежүзілік соғыстың дәуіріндегі бірінші кризисті және екінші дүниежүзілік соғыстың дәуіріндегі екінші кризисті, — деп жазады Сталин жолдас, — бөлек, бірінен бірі оқшау жатқан дербес кризистер ретінде қарамау керек, дүниежүзілік капиталистік системаның жалпы кризисінің дамуындағы кезеңдер деп қарау керек» (59-бет).

Дүниежүзілік екінші соғыстың және оның шаруашылыққа зардаптарының нәтижесінде маңызды экономикалық нәтижесі, деп үйретеді Сталин жолдас, барлығын қамтыйтын біртұтас дүниежүзілік рыноктың ыдырауы деп есептеу керек. Германия мен Жапония АҚШ-тың, Англияның және Францияның бәсекешілері ретінде қатардан шығарылды. Мұнымен қатар капиталистік системадан Қытай және Еуропаның халықтық демократия елдері бөлініп шықты, сөйтіп олар Совет Одағымен бірге біртұтас және қуатты социалистік лагерь құрды, бұл лагерь капитализм лагеріне қарсы тұр. Осының нәтижесінде қос дүниежүзілік екі рынок құрылды, олар бір-бірін қарсы қойылған.

ССРО, Қытай және басқа халықтық демократия елдері экономикалық жағынан қабысып, экономикалық ынтымақ пен өзара көмекті жолға қойды.

«Осы ынтымақтасудың тәжірибесі, — деп жазды Сталин жолдас, халықтық демократия елдеріне Совет Одағының беріп отыр-

ретеді Сталин жолдас, адамдардың еркінен тәуелсіз болып жататын объективтік процестердің бейнесі болып табылады. Адамдар бұл заңдарды аша алады, оларды таный алады, оларды зерттей алады, оларды өз қыймылдарында ескере алады, оларды қоғамның мүдделеріне пайдалана алады, бірақ, олар бұл заңдарды өзгерте немесе бұза алмайды. Әресе, олар ғылымның жаңа заңдарын құрастыра алмайды және жасай да алмайды.

Бірақ бұл айтылғандардан табиғат пен қоғамның объективтік заңдарының қыймылдарын тойтаруға болмайды деген ұғым шықпайды. Табиғат пен қоғамның объективтік заңдарын біле отырып, адамдар оларды іске толық жетіктікпен қолдана алады, оларды қоғамның мүдделеріне пайдалана алады, сөйтіп, табиғаттың күштерін бағындырып, ол күштерге үстемдік құра алады. Мысалы, ескі заманда тойтаруға болмайтын апатшылық деп есептелген өзендердің тасқындары мен сел қаптау кейін тойтарыла бастады. Адамдар плотиналар мен су станцияларын салып, табиғаттың стихиялық күштерін ауыздықтайтын болып, оларды суландыру және қуат алу мақсаттарына пайдаланатын болды. Бұдан кейін адамдар, бірте-бірте қуаныштылықтың заңдарын біліп, суару каналдарын салатын болды. Адамдардың табиғат күштерін санадылықпен пайдаланып, олардың кыйраушылық қыймылдарын тойтаруының, бұл күштерді қоғам пайдасына бағыттауының жарқын мысалы біздің елімізде далалы және орманды далалы қуаң аудандардың табиғатын өзгертудің, суландыру каналдарын, тоғандар мен әуіздер салудың, егін қорғайтын орман алқаптарын жасаудың сталиндік дана жоспарын жүзеге асыру жөніндегі кең өріс алған орасан зор жұмыстар болып табылады.

Экономикалық дамудың заңдары, саяси экономияның заңдары, әңгіме капитализмнің табиғаты туралы болсын, немесе социализмнің табиғаты туралы болсын — бәрібір, деп үйретеді Сталин жолдас, жа-

диді халқының көпшілігін қанау, күнсіз ту және қайыршыландыру жолымен, басқа елдердің, әсіресе артта қалған елдердің халықтарын құлдыққа салу және үнемі тонау жолымен, ақырында, ең көп пайда түсіруді қамтамасыз етуге пайдаланылатын соғыстар жүргізу және халық шаруашылығын милитарландыру жолымен барынша көп капиталистік пайданы қамтамасыз ету» (40—41-беттер).

Барынша көп пайда табуға тырысқан АҚШ монополиялары басқа халықтарды күйзелтіп, кіріптарлыққа түсіруде, Кореяда қарақшылық соғыс жүргізуде, дүниежүзілік жаңа соғысты әзірлеуде. Кәзіргі капитализмнің негізгі экономикалық заңының қыймылы капитализмнің жалпы кризисін күшейтуге, оның барлық қайшылықтарының сөзсіз асқынуына және шиеленісуіне бастайды.

Социализм жеңген біздің елімізде жардай мүлде басқаша. Социалистік өндірістің мақсаты, дейді Сталин жолдас, пайда емес, адам және оның керектері, яғни оның материалдық және мәдени керектерін қанағаттандыру. Сондықтан социализмнің негізгі экономикалық заңының елеулі белгілері мен талаптары мынадай: «бүкіл қоғамның үнемі өсіп отыратын материалдық және мәдени керектерін жоғары техника негізінде социалистік өндірісті үздіксіз өсіріп, жетілдіру жолымен барынша толық қанағаттандыруды қамтамасыз ету» (42-бет).

Елімізде сталиндік бесжылдықтарды жүзеге асырудың тамаша қорытындылары социализмнің негізгі экономикалық заңдарының қыймылдарының айқын көрінісі болып табылады. Сталиндік бесжылдықтар Отанымыздың бейнесін өзгерте отырып, халық бұқарасының материалдық әл-ауқаты мен мәдениет дәрежесінің қаулап өсуін қамтамасыз етті.

Социализмнің негізгі экономикалық заңының қыймылы қоғамның өндіргіш күштерінің өрлеуіне, оның гүлденуіне, еңбекшілердің материалдық әл-ауқаты мен мә-

ашты және оның өзгешеліктерін барлық жағынан айқындады.

Біздің елімізде социалистік өндірістің екі түрлі негізгі формасы бар: мемлекеттік жалпы халықтық және колхоздық. Мемлекеттік кәсіпорындарда өндіріс құралдары мен өндіріс өнімдері жалпыхалықтық меншік болып табылады. Ал, колхоздық кәсіпорындарда, өндіріс құралдары (жер-машина) мемлекеттікі болғанымен, мұнда өндіріс өнімдері, колхозшылардың еңбек нәтижесі болғандықтан, колхоздардың меншігі болып табылады, олар өз өнімдерін товар ретінде болмаса басқаға беруді қаламайды.

«Кәзіргі уақытта колхоздар қаламен товар арқылы, сатып алу-сату арқылы айырбас жасау байланыстарынан басқа экономикалық байланыстарды қабылдамайды, — деп жазады Сталин жолдас. — Сондықтан товарлы өндіріс пен товар айналымы бізде, айталық, бұдан отыз жыл бұрын, Ленин товар айналымын барынша күшейту қажет деп жариялаған кезде қандай қажет болған болса, кәзіргі уақытта да сондай қажет болып табылады». («ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары», қазақ тілінде, 17—18 беттер).

Ал біздің товарлы өндірісіміз, деп үйретеді Сталин жолдас, әдеттегі товарлы өндіріс емес, ол ерекше товарлы өндіріс, капиталистерсіз товарлы өндіріс болып табылады, ол біріккен социалистік өндірушілердің (мемлекеттің, колхоздардың, кооперацияның) товарларын шығарады және оның қыймыл сферасы жеке тұтыну заттарын шығарудан артпайды. Барлық негізгі, шешуші өндіріс құралдары бізде товар болып табылмайды, олар сатылмайды, оларды мемлекет өз кәсіпорындарына бөліп беріп отырады. Совет мемлекеті оларды өнеркәсіп және транспорт орындарына, совхоздар мен МТС-терге бергенде бұл өндіріс құралдарын иемдену правосынан айырылмайды, ал, олардың директорлары өндіріс құралдарын мемлекеттік жоспар

резервтерді іздеуді, тауып алуды және пайдалануды талап етеді.

Құн заңы бізде өндірістің реттеуші ролін атқармайды және атқара алмайды да, өйткені құн заңы қызметінің сферасы, товарлы өндіріс қызметінің сферасы сыяқты, бізде қатаң шекке қойылып, шеңберге салынған. Біздің елімізде оған өндіріс құралдарына қоғамдық меншіктің болуы, халық шаруашылығын жоспарлы түрде (пропорциялықпен) дамыту заңының қыймылы, демек, мемлекеттік жоспарларымыз шек қойып отырады.

Сталин жолдас құн заңы тарихи дамудың барлық дәуірлері үшін міндетті түрде қолданылатын тұрақты заң емес екенін, товарлы өндірістің жоғалуымен өзінің формаларымен қоса құнның да, құн заңының да жойылатынын айқын дәлелдеді.

«Коммунистік қоғамның екінші кезеңінде, — деп жазады Сталин жолдас, — өнім өндіруге жұмсалған еңбектің саны, товарлы өндіріс кезінде болатын сыяқты, оралма жолмен, құн және оның формалары арқылы өлшенбейді, өнім өндіруге жұмсалған уақыттың санымен, сағаттың санымен — тура және тікелей өлшенеді. Еңбек бөлуді алатын болсақ, онда өндіріс тараулары арасында еңбектің бөлінуі бұл кезде күшін жоятын құн заңымен реттелмейді, қоғамның өнім жөніндегі керектерінің өсуімен реттеледі. Бұл — өндіріс қоғамының керектеріне қарай реттелетін, ал қоғамның керектерін есепке алу жоспарлаушы органдар үшін бірінші кезекте маңыз алатын қоғам болады» (24-бет).

#### IV

Сталиннің бұл жаңа еңбегінің бүкіл дүниежүзілік тарихи маңызы мынада: бұл еңбекте еліміздегі социалистік құрылыстың орасан зор тәжірибелері ғылыми тұрғыдан қорытылған, социалистік қоғамды онан әрі дамытудың ғылыми негізі белгіленген, социализмнен коммунизмге бірте-бірте өтудің жолдары көрсетілген.

Коммунизмге шын мәнісінде өтуді әзірлеу үшін, деп үйретеді Сталин жолдас,

қорыта келіп, Сталин жолдас мен деревняның асылықтардың негізін айылғандығын, ой еңің арасындағы мсылықтары да жоқ. Сталин жолдас ни-техникалық дәреметкердің дәрежесі мен ой еңбегі мен дағы елеулі айырмалы, сол сыяқты қжалпы халықтық мгізінде, товарлы өнде өнеркәсіп пен арасындағы елеулі жою туралы жаңа, корасан зор маңыз ариялық тұрғыдан өнеркәсіп пен ауылсындағы, ой еңбегі арасындағы елеулі жою олардың арасының өзгешелігіне болатын түрлі айығалуы деген мағна Сталин жолдас.

«ССРО-да социал проблемалары» деп жолдасың кәзіргі талдауы, сөйтіп, дүтік системаның крипиталистік елдердің болады деп дәлелде-лық және саяси ма

Дүниежүзілік бірін әсіресе, капиталистік Одағының бөлініп ппитализмнің жалпы жүзілік екінші соғыталистік системаның сайын шиеленістіріп, Сталин жолдас бөниежүзілік екінші спитализмнің жалпы ні өріс алды, бұл Азияда капиталистік